ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АТЫРАУ ОБЛЫСЫ ҚЫЗЫЛҚОҒА АУДАНЫНЫҢ ӘКІМДІГІ ҚАУЛЫ		АКИМАТ КЫЗЫЛКОГИНСКОГО РАЙОНА АТЫРАУСКОЙ ОБЛАСТИ РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН ПОСТАНОВЛЕНИЕ

20 24 жылғы " 22 " сәуір № 81 " " 20 года

Миялы ауылы село Миялы

«Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органның резерві» бағдарламасынан қаржы бөлу туралы

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет Кодексінің 20 бабының 2 тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31, 37 баптарына, аудан әкімінің 2024 жылғы 2 сәуірдегі №13 «Қызылқоға ауданы аумағында жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жариялау туралы» (Эталондық бақылау банкінде 02.04.2024 жылғы №195117 тіркелген) шешіміне сәйкес, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Су тасқынының салдарын жоюға қажетті құрал жабдықтар алу үшін, 459 «Қызылқоға аудандық экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі іске асыратын 012 «Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының резерві», 100 «Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың аумағында табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюға арналған ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органның төтенше резервінен» 122 «Қызылқоға ауданы (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі іске асыратын 106 «Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою үшін жергілікті атқарушы органның төтенше резерві есебінен шаралар өткізу» бюджеттік бағдарламасына 28 925 000 (жиырма сегіз миллион тоғыз жүз жиырма бес мың) теңге, 121 «Әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою үшін жергілікті атқарушы органның төтенше резерві есебінен іс-шаралар өткізуге арналған мемлекеттік басқарудың басқа деңгейлеріне берілетін трансферттер» бағдарламасы арқылы қаулы қосымшасында көрсетілген Миялы, Көздіғара, Қызылқоға, Тайсойған, Сағыз ауылдық округтеріне 5 722 000 (бес миллион жеті жүз жиырма екі мың) теңге, барлығы 34 647 000 (отыз төрт миллион алты жүз қырық жеті мың) теңге көлемінде қаражат бөлінсін.

2. «Қызылқоға аудандық экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі (Қ.Сәлімгереева) және «Қызылқоға ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі (А.Жанқуатов) осы қаулыдан туындайтын іс-шараларды жүзеге асырсын.

000107

3. Осы қаулының орындалысын бақылау аудан әкімінің орынбасары Е.Иғалиға жүктелсін.

Аудан әкімі **Қ.Әзмұханов**